

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сауран аудандық емханасы» ШЖҚ МКК -ның Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық

АНЫҚТАМА

Шорнақ ауылы

24.07.2023жыл

Кіріспе бөлім:

1.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі-Ішкі талдау) жүргізуге негіздеме:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 22.05.2023 жылғы №33 бұйрығы;

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сауран аудандық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2023 жылғы 12 маусымдағы №156-н/қ бұйрығы.

2.Ішкі талдаудың объектілері және басшылары:

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сауран аудандық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі-кәсіпорын).

3.Ішкі талдау жүргізген жұмыс тобының мүшелері:

Түркістан облысының ДСБ «Сауран аудандық емханасы» ШЖҚ МКК басшысының орынбасарлары Н.Қарабаев, А.Аманжолова, А.Конырбаева, бас есепші м.а. А.Қалман, провизор Р.Дарменова, мемлекеттік сатып алу есепшісі А.Ақтаева, заңгер А.Абубакирова.

4.Ішкі талдау жүргізу мерзімі:

23.06.2023-07.08.2023жж. аралығы.

5. Ішкі талдау қамтыған кезең:

2022-23.06.2023жыл

6.Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Бөлім басшылары мен қызметкерлері тарапынан ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеулер болмады.

СИПАТТАМА БӨЛІГІ

Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі:

1. Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары;
2. Мүдделер қактығысын реттеу;
3. Емханада медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету туралы;
4. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер;

Талдамалық АНЫҚТАМА

1. Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары:

Кәсіпорында шығарылған бұйрықтарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулының талаптары сақталған.

Кәсіпорында қызметкерлерді конкурстық іріктеуді жүргізбей лауазымға тағайындау орын алмаған.

Қызметкерлерді жұмыстан шығаруда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Ішкі лауазымдық ауысымдар кезінде құқық бұзушылықтар анықталмады.

Сыйақы мен материалдық көмек беруде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды. 2022 жылы 14 қызметкерге материалдық көмек жергілікті кәсіподақтан бөлінді, оның ішінде 1- материалдық көмек үйі өртенген қызметкерге, 13- жақын туысқандары қайтыс болған жағдайда.

2022 жылы облыстық кәсіподақ тарапынан 10 қызметкерге азық түлікпен материалдық көмек, 4 қызметкерге балалары 1 сыныпқа дайындау үшін портфель құралдарымен берілді.

2022 жылы жалпы 38 материалдық көмек кәсіподақ тарапынан берілді.

2023 жылы жергілікті кәсіподақ ұйымы төрайымынан 6 материалдық көмек, Областық кәсіподақтан 12 материалдық көмек берілді.

Жұмыстан жұмыс берушінің бастамасымен шығарылған қызметкерлер туралы:

Кәсіпорында есепті кезеңде жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзу жағдайлары орын алмаған.

Тәртіптік жаза алған қызметкерлер туралы:

Тәртіптік жазалар беру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды.

2. Кәсіпорын қызметкерлерінің біліктілік талаптарының сәйкес келуі бойынша:

Кәсіпорында ішкі талдау жүргізу барысында біліктілігіне сәйкес келмейтін қызметкерлер анықталмады.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде жасалатын рәсімдер:

Жұмысқа қабылдау кезінде Еңбек kz еңбекке орналасу порталы арқылы жарияланып, тиісті тесттен және сұхбаттасу арқылы жұмысқа орналасады, **сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды.**

Бос жұмыс орындары туралы ақпараттарды желілерге орналастыру:

Бос жұмыс орындары туралы ақпараттарды желілерге орналастыру бойынша **заң бұзушылықтар анықталмады.**

3. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет генерал-майоры Д.Малаховтың 17.08.2023 жылғы №3-3-2/7159-И шығыс хатына сәйкес басшы орынбасарлары мен бөлім басшыларының функционалдық міндеттерін сәйкестендіру мақсатында кәсіпорын басшы орынбасарлары Н.Қарабаевтың, А.Аманжолованың, А.Конырбаеваның лауазымдық міндеттеріне ұйымдастырушылық-өкімдік функциялары енгізілді, шаруашылық меңгерушісі К.Абдраимовтың лауазымдық міндеттерінде әкімшілік-шаруашылық функциялары бар.

2.Мүдделер қақтығысын реттеу.

Қызметкерлердің материалдық мүддесін, жақын туыстарының, жекжаттарының немесе өзге де үшінші тұлғалардың мүдделерін қанағаттандыруға байланысты, Кәсіпорында шешім қабылдау кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, өзінің мемлекеттік немесе оларға теңестірілген функцияларын орындағаны үшін тұлға тиісті функцияларды орындамайтын ұйымдардан, сондай-ақ жеке тұлғалардан ақша, қызметер және өзге де нысандар түрінде кез келген сыйақы қабылдау бойынша, Кәсіпорындағы мүліктерді пайдалана отырып, заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру бойынша Кәсіпорындар қызметіне зиян келтіруі мүмкін мүдделер қақтығысына жол беретін **заң бұзушылықтар анықталмады.**

3. Емханада медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету туралы:

Кәсіпорында медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру бойынша **заң бұзушылық анықталмады.** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. «Қазақстан Республикасында медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуді

ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» 2023 жылғы 30 наурыздағы № 49 бұйрығы. "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес медициналық –санитариялық алғашқы көмек көрсету бекітілген.

4. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер:

4.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыстарды ұйымдастыру:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан республикасының 2015 жылғы 18 қараша №410-V ҚРЗ Заңының 22-бабы 1-тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болды.

Талдау объектісі қызметкерлерінің басқару функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар болып табылатын, оларға теңестірілген адамдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылданған.

Талдау объектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзған және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту фактілері орын алмаған.

Талдау объектісінің қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық сипаттағы заңсыз іс-әрекеттер туралы жеке және заңды тұлғалардың шығымдары анықталмады.

4.2. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу:

Кәсіпорынға республикалық және жергілікті бюджет есебінен 2022 жылға 2 716 391,7 мың теңге бөлініп, 2 716 391,7 мың теңге игерілген, 2023 жылға бөлінген қаржы 3 349 398,82 мың теңгені құрайды.

Қызметкерлердің іссапар шығындары бойынша:

2022 жылы мекеме қызметкерлерінің іссапар шығындары 960,0 мың теңгені құраған.

Жалпы 2022 жылы кәсіпорында 7966,9 мың теңге дебиторлық берешек туындаған. Кәсіпорынның қаржылық есептілігінде дебиторлық берешек көрсетілген.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

4.3. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу:

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар тек мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы үлгілік нысанда жасалған.

Аталған үлгілік шартқа өзгеріс енгізу мүмкін емес, сондықтан сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды.

4.4. Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету:

Кәсіпорынның әлеуметтік желілердегі парақшалары 2022 жылы 11 наурызда ашылған.

Кәсіпорынға қатысты БАҚ-тағы жариялылығын қамтамасыз ету:

Кәсіпорынға қатысты резонанс туғызатын жариялымдар анықталмады.

4.5. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері:

Кәсіпорынға жеке және заңды тұлғалардан өтініштер тіркелген және мерзіміне сәйкес жауаптары берілген.

4.6. Ауызша немесе жазбаша шағымданған қызмет алушылар туралы:

Кәсіпорында қызмет алушылардың ауызша өтініштері күнделікті жұмыс барысында шешімін тапқан.

4.7. Өзге мәселелер:

Кәсіпорынның қызметінде қолданатын нормативтік актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстар берілмеді.

Қорытынды:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар анықталмады.

2. Еңбек қатынастарында қызметкерлерге қосымша міндеттеме жүктеу немесе екі жұмысты қатар атқаратын қызметкерлер туралы:

Кәсіпорында 2022 жылы қызметкерлерге лауазымды қоса атқару, қызмет көрсету аймағының кеңеюі және уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін атқарғаны үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысының талаптары сақталмағандығы анықталды.

Мысалы: 2022 жылғы 26 мамырдағы №715 ж/қ бұйрығымен күндізгі бөлім дәрігері А.Әміроваға жалпы тәжірибелі дәрігер А.Таубаеваның кезекті еңбек демалысына шығуына байланысты уақытша 25% жүктелген. Осы бұйрықпен жалпы тәжірибелі дәрігер Б.Маханбетке жалпы тәжірибелі дәрігер А.Таубаеваның кезекті еңбек демалысына шығуына байланысты

уақытша 25% жүктелген. Бір қызметті 2 қызметкерге жүктеу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалады.

Қызметкерлерді шеттету туралы:

2022 жылғы 11 мамырдағы №628 ж/қ бұйрығымен Жаңа Иқан дәрігерлік амбулаториясының тіс дәрігері А.Хановтың маман сертификатының мерзімі аяқталуына байланысты ақысыз демалысқа жіберген және осы бұйрықпен осы күннен бастап, Оранғай дәрігерлік амбулаториясының жалпы тәжірибелі мейірбикесін маман сертификатының мерзімі аяқталуына байланысты, жұмыстан шеттету орнына, ақысыз демалысқа жіберген. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптары сақталмағандығы анықталды.

Кезекті еңбек демалысына жіберу және одан шақырту туралы:

2022 жылдың 23 мамырдағы №698 ж/қ бұйрығымен басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары м.а Б.Елеусизоваға 2021-2022 жылдар үшін кезекті еңбек демалысына 49 күн берілген және 15 шілде күні жұмысқа кірісу күні белгіленген. 2022 жылдың 23 мамырдағы №698 ж/қ бұйрығымен шаруа меңгерушісі О.Даулетовке 2021-2022 жылдар үшін кезекті еңбек демалысына 43 күн берілген және 09 шілде күні жұмысқа кірісу күні белгіленген.

Біріншіден, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, сондай-ақ оларды беру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығына сәйкес, басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары және шаруа меңгерушісі бұл тізімге кірмейді.

Екіншіден, 2022 жылдың 30 мамырдағы №735 ж/қ бұйрығымен басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары м.а Б.Елеусизова мен шаруа меңгерушісі О.Даулетов 01 маусымнан бастап, қайта жұмысқа шақыртылған. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі бұйрығының талаптары сақталмағандығы анықталды.

3.Мемлекеттік сатып алу бойынша:

а) Кәсіпорынның Общественное объединение "Общество инвалидов "Жарық сәуе"-мен түзген №210940008388/230057/00 2023-03-15 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт соммасы 4 315 000.00 теңгені құрайды.

Аталған келісім шарт Мемлекеттік сатып алу Заңның 1-тармағының 41-бабын, 39-бабының 3-тармағында *(көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді)*, 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында *(көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады)* бұзуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

б) Кәсіпорынның Общественное объединение "Общество инвалидов "Жарық сәуе"-мен түзген №210940008388/230056/00 2023-03-15 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт соммасы 12 750 000.00 теңгені құрайды. Аталған келісім шарт Мемлекеттік сатып алу Заңның 1-тармағының 41-бабын, 39-бабының 3-тармағында *(көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді)*, 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында *(көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады)* бұзуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

в) Кәсіпорынның Общественное объединение "Общество инвалидов "Жарық сәуе"-мен түзген №210940008388/220104/00 2022-12-06 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт соммасы 6 055 000.00 теңгені құрайды. Аталған келісім шарт Мемлекеттік сатып алу Заңның 1-тармағының 41-бабын, 39-бабының 3-тармағында *(көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді)*, 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында *(көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады)* бұзуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

г) Кәсіпорынның "Social-i International Kazakhstan" ЖШС-мен түзген №210940008388/220088/00 2022-09-16 келісім шартының «Шартты тікелей

жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт соммасы 160 000.00 теңгені құрайды.

Аталған келісім шарт Мемлекеттік сатып алу Заңның 1-тармағының 41-бабын, 39-бабының 3-тармағында *(көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді)*, 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында *(көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады)* бұзуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

4.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жұмыс тобы төмендегілерді **ҰСЫНАДЫ:**

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сауран аудандық емханасы» ШЖҚ МКК бойынша:

1.Кәсіпорында бұйрықтар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулысының талаптарына сәйкес жүргізуді.

2.Денсаулық сақтау қызметкерлерін жұмысқа қабылдау кезінде конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау құралын ендіру 2023 жылдың екінші жарты жылдығынан толық іске асыру жоспарлануда және Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі»№414-V ҚРЗ Кодексінің талаптарын қатаң сақтауды.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. «Қазақстан Республикасында медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» 2023 жылғы 30 наурыздағы № 49 бұйрығы. "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің қағидаларын қатаң сақтауды.

4. Қызметкерлерді кезекті ақылы еңбек демалысқа жіберуде ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі» №414-V ҚРЗ Кодексінің талаптарын қатаң сақтауды.

5. Қызметкерлердің маман сертификатының мерзімі аяқталуына байланысты шеттетуді ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан

Республикасы Еңбек кодексі» №414-V ҚРЗ Кодексінің талаптарын қатаң сақтауды.

6. Қызметкерлерге жұмыс ауқымының кеңеюіне және қоса атқаруға байланысты шектеулерді ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі» №414-V ҚРЗ Кодексінің талаптарын қатаң сақтауды.

7. Қызметкерді кезекті ақылы еңбек демалысынан шақыртуда ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі» №414-V ҚРЗ Кодексінің талаптарын қатаң сақтауды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеп 12.08.2023 жылға дейін ұсынуды.

Жұмыс тобының мүшелері:

Н.Қарабаев

А.Аманжолова

А.Конырбаева

А.Қалман

А.Ақтаева

/Р.Дарменова

Л.Абубакирова

The block contains seven handwritten signatures in blue ink, each corresponding to a name listed to its left. The signatures are: 1. N. Karabaev (top), 2. A. Amanzholova, 3. A. Konymbayeva, 4. A. Kalman, 5. A. Aktaeva, 6. R. Darменова (with a checkmark to the left), and 7. L. Abubakirova (bottom, with a horizontal line after the name).